



# ТАҒЛЫМЫ МОЛ ТӘРБИЕ КӨЗІ

Қазақ халқы бала тәрбиесіне мән беріп, оған қатысты ырым-тыйымдар мен салт-дәстүрді ерекше сақтаған. Үрим - жақсылықтан өнеге алып, оған жету үшін жасалатын әрекет. Ал, тыйым рәсімдері жас үрпақты табиғатты қорғауга, әдепті болуга, қарапайымдылыққа, инабаттылыққа баулады. Халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы біліп, оны іс жүзінде орындай білу – әрбір перзенттің борышы.

Халқымыздың ежелден туған жер, атамекен, табиғат, жан-жануарлар туралы үғым-түсініктері, таным-талғамдары ырым-тыйымдарда ерекше орын алған. Олар негізінен жер мен суды, өсімдіктерді, құстар мен жануарларды, жәндіктерді қорғауга, оларға ракымшылық етуге, обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелейді.

«Нанды бір қолыңмен үзбе», «нанның үгіндісін баспа» деген сөздерде дәмге, оны дастарқанға келтіретін енбекке деген құрметтің ізі бар. Халқымыздың тобылғылы сайғақой түсіртпей, ши атаулыны қорық, қылып, күзет қоюның өзі күнкөріс қамығана емес, табиғатты қорғау, аялау әректінен туындаға керек. Обал болады деп егінді, шалтынды жерді бет алды бастырмаган. Судың да сұрауы бар деп ағынды суды бүргезбаган. Ал, құстар мен аңдарға қатысты «құстың қарғысына үшірайсың» деп үясын бүздірмай, «бетің шубар түседі» деп жұмыртқасын жарғызбаган. Халқымыз қыран құст пен аққуды киелі деп атуға тыйым салған. Сондай-ақ, қарлығашты киелі деп үққан. Егер қарлығаш кіз үйдің шаңырағының шандуында үя салса, балаландары үшіп кетпейінше көшпей отырған.

Казақтың тұрмысы мен тірщілігі,

тәрбиесі бүтіндей ырым-тыйым арқылы жүйеленіп отырғандай. Мәселен, үйге қарай жүгіруге болмайды. Әдетте оқыс оқиға, жамандық болғанда адам үйге қарай жүтіреді. Бұл, біріншіден, балаларға жамандық деген ескерту болса, екіншіден, үйде үлкен бар, жүреті әлсіз адамдар бар, елді үркітпе, корқытпа дегені. Қыз балаға шашын жайғызбаган. Ата-баба салтында тек жақыны қайтыс болған әйел ғана шашын жайған. Бүтінгі таңдағы қыз балалардың шашын жайып жүргені әдепкө сай емес.

Халықтың педагогикалық тәрбие құралдары мән тыйымдарын жүйелі түрде пайдаланып, сөз қадірін арттыру рухани жаңғыруымызға жол аша түседі. Халқын сүйген адам, салтын да сүю тиіс. Ұлттық құндылықтарды ештеңемен тәнеуге де, айырбастауга да болмайды. Салт-дәстүрімізге байланысты ырым-тыйымдарды тұрмыста жиі қолданған жөн. Себебі, ол жастардың тәрбиесіндегі кемшін тұсты жетілдіріп, ултжанды үрпақ есіруғе септігі мол.

А.МУСІРОВА,  
Ж.ҚЫЗБАЕВА,  
Г.ДУЙСЕНБАЕВА,  
М.Әуезов атындағы Оқу  
колледжінің оқытушылары